

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

| | |
|-------------------|---|
| Пфейфер Н. Э., | <i>д.п.н., профессор</i> |
| Жуматаева Е., | <i>д.п.н., профессор</i> |
| Абибулаева А. Б. | <i>д.п.н., профессор</i> |
| Мирза Н. В., | <i>д.п.н., профессор</i> |
| Фоминых Н. Ю., | <i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i> |
| Снопкова Е. И., | <i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i> |
| Кудышева А. А., | <i>к.п.н., ассоц. профессор</i> |
| Оспанова Н. Н., | <i>к.п.н., доцент</i> |
| Оралканова И. А., | <i>PhD доктор</i> |
| Омарова А. Р., | <i>технический редактор</i> |

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Е. Т. Саржигитов**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

**ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ
БІЛІМГЕРЛЕРГЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ**

Мақалада Жамбыл Жабаев шығармаларын оқыту арқылы білімгерлерге эстетикалық тәрбие беру тақырыбындағы зерттеушілердің ғылыми ой пікірі негізінде талдау жасалды. Нақты ғылыми фактілерді көрсете отырып, теориялық дәлелдер келтірілді. Зерттеу негізгі тұжырымдарын алдағы зерттеулерде теориялық дәйек ретінде қолдануға болады. Сондай-ақ филолог ғалымдар ізденістеріне жаңа деректік пайдаға асатын зертханалық нәтижелер де бар. Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар, шығармаларының тәлім-тәрбиелік маңызы зор жыраулар поэзиясына арналған. Эстетикалық тәрбие үнемі, тұрақты бірізділікпен көркемөнер туындыларын көріп, оқып, талдап, ой жүргізуді талап етеді, сол себепті білімгерлердің эстетикалық тәрбиелілігінің өлшемдері мен көрсеткіштері өлеңдерді талдауы, ой жүргізуіне байланысты болуы керек. Нақтылап айтқанда, білімгерлердің Жамбыл туындыларын тани білуі және оған деген қызығушылығы, таңданысы маңызды. Білімгерлердің поэзияны қабылдауын дамыту – олардың шығарма туралы мәліметтерін, білімін үнемі толықтырып отыру, эмоционалдық сезімнің ізгі істерге жетелеуін, тұрмыстағы адамдар арасындағы қарым-қатынастарын, рухани-адамгершілік қасиетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Жамбылдың ақын ретінде қалыптасуына өз тұсындағы аға ұрпақ ақындардың, өзіне дейінгі жыраулардың шығармашылығы сарқылмас бастау, таймас тұғыр болды. Жамбылдың ХІХ ғасырдағы өзі тікелей араласқан, көпшілігін ұстаз тұтқан ақындық мектеп өкілдеріне деген лебіздері – дәстүрлі поэзиядағы эстетикалық танымның бағалануы деп түсіндіруге болады.

Кілтті сөздер: жырау, жыршы, әдебиет, зерттеушілер, еңбектер, толғау, эпос, жыраулар мектебі, ұлттық әдебиетіміз, эстетикалық тәрбие.

Кіріспе

Жамбылды жұрт қазақ даласын әнімен тербеген, ықылым ғасырлардан келе жатқан жыраулар мектебінің ең соңғы үзігі деп те біледі. Жағы талмаған жыр алыбы ХХ ғасыр Гомері деген құрметке де ие болды. Ол жыр-ғұмырында батырлықты, өрлік пен ерлікті, әділдік пен теңдікті жырлады.

Ұлттық болмысымызды, бет-бейнемізді, сақтай отырып, әлемдегі өркениеті озық елдердің қатарына қосылу, әдебиетіміз бен мәдениетімізді көркейту қазіргі жас ұрпақтың білім-білігіне, олардың тәрбиелік деңгейіне тікелей байланысты. Осы орайда жоғары оқу орындарындағы білімгер жастардың әлемдік әдебиет пен мәдениеттің жетістіктерін игеру арқылы өз елінің көркемдік, рухани құндылықтарын менгерту мүмкіндіктерін дамыту қажеттігін уақыт талап етіп отыр. Оны жандандырудың басты жолдарының бірі-халқымыздың көркемдік тәрбиеге байланысты рухани тәжірибесіне сүйену, ұлы тұлғаларымыздың еңбектеріндегі, ақын-жырауларымыздың шығармашылығындағы ұлттық тәрбиеге байланысты асыл ойларға ден қою, оларды бүгінгі күн талаптарына сай пайдалану, оқып-үйрену. Қазіргі таңда еліміздің білім беру ұйымдарында белгілі жырау, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың шығармаларын оқыту мен оларды тәрбие үдерісінде пайдалану жұмыстары қарқын алып келеді. Бұл тұрғыда ақын өлеңдерінің көркемдік ерекшеліктерін оқыта отырып, әрбір пәннің мүмкіндіктеріне қарай білімгерлерге эстетикалық тәрбие беруге көп мән беріледі.

Материалдар мен әдістер

Педагогика ғылымының даму тәжірибесінде эстетикалық тәрбие берудің мазмұны, құралдары, ұстанымдары, әдістері мен тәсілдері едәуір дәрежеде зерттелген және оқу-тәрбие үдерісіне енгізілген. Эстетикалық тәрбие беру-ақын шығармалары арқылы білімгерлердің ой-өрісін, көркемдік қиялын, шығармашылық әлеуетін дамыту. Басты ұстанатын қағидасы-оқыта отырып тәрбиелеу, ақын шығармалары арқылы сұлулықты сезінуге, көркемдік талғам қалыптастыруға тәрбиелеу мен білім беруді ұштастыру, сонымен қатар ақын шығармаларының танымдық мүмкіндіктерін оның тәрбиелік ықпалымен сабақтастыру.

Теорияға иек артсақ оқу үдерісінде эстетикалық тәрбие беру мақсатында әдеби шығармаларды оқытуға қойылатын дидактикалық талаптар бар:

- Оқу материалын іздестіру барысында тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыру;

- Оның мазмұнын түсіндіру, ғылыми-теориялық тұрғыда негізді болумен бірге оқытудың жүйелілігі, бірізділігі, беріктігі, өмірімен байланысы, нанымдылығы;

- Білімгерлердің танымдық қуатын жан-жақты дамытуға септігін тигізетіндей ұғымтал болуы, т.б. талаптары қойылады [1, 134].

Сөз өнерінің эстетикалық маңызын ашып көрсету психологиялық тұрғыда терең пайымдалған күнде ғана толық мәнде байқалады. Бұл орайда профессор Жанғара Дәдебаев Жамбыл Жабаевтың ақындық шығармашылығындағы эстетикалық нысана мен шыншылдық табиғаты хақында былайша ой сабақтайды: «Ақынның шыншылдығы да, шыншылдығынан туындайтын сыншылдығы да халық таныған ақиқат құбылыстар мен оқиғаларға негізделеді. Ол қандай қиын-қыстау жағдайда да ақындығы мен азаматтығы, тіпті өмірі сынға түскен қандай қатерлі шақта да осы ақиқатты айтқан сынын да, мадақ сөзін де ақиқат шындыққа бағындырған. Ол қандай алмағайып заманда да тек шындықты айту, қандай көз тартып, көңіл арбайтын қыздырмалы, қызықпалы ортада да, әділеттің ақ жолынан таймай, шынды сындай, сынды шындай қабылдап, өмір құбылыстарының қандайын да шынайы толғаған. Жамбыл шығармашылығының эстетикалық тәрбие берудегі өнерлерінің мейлінше кең жазылуының басты себебі осында» [2, 9].

Жүз жасаған Жамбыл бірнеше заманның тірі куәгері бола жүріп, өз өмірін де, шығармашылығын да қазақ халқының өмірімен байланыстырып өтті. Шешендік сөз өнерін сапырған дүлдүл он төрт жасында Сүйінбайдан бата алып, суырып салма айтыс ақыны ретінде танылды. Кейіннен оның күмбірлеген көмейінен 1916 жылдың құбылысты кезеңі жырланды, 1920 жылдары тарихи шындықтар төгілді. 1930 жылы кеңес өкіметі тұсында Жамбыл «Туған елім» деп толғаса, Ұлы Отан соғысы кезінде қарт жүректен шыққан шумақтар соғыс шебіндегі майдангерлер рухына қуат берді. Өз заманында Жамбыл есімі әлемнің шартарабына танылды. Мәселен, көрнекті француз жазушысы Ромен Роллан 1937 жылы «Батыс Альпінің жүрегінен қазақ халқының және жаңа адамзаттың жаршысы Жамбылға туысқандық сәлем жолдаймын» деп телеграмма жолдаған екен.

Жамбыл Жабаев өлеңдерінің негізі ұлттық тарихымызды, халықтың өмірін бейленеу болғандықтан білімгердің халқымыздың рухани болмысын, көркемдік танымын түсінуі, оны сезінуі ондағы ойлы, образды өрнектердің, нақыл, қанатты сөздердің, сұлу айшықтардың көркемдік-эстетикалық мәнін пайымдау арқылы жүреді. Эстетикалық тәрбие үнемі, тұрақты бірізділікпен көркемөнер туындыларын көріп, оқып, талдап, ой жүргізуді талап етеді, сол себепті білімгерлердің эстетикалық тәрбиелілігінің өлшемдері мен көрсеткіштері өлеңдерді талдауы, ой жүргізуіне байланысты болуы керек. Нақтылап айтқанда, білімгердің Жамбыл туындыларын тани білуі және оған деген қызығушылығы, таңданысы маңызды. Білімгерлердің поэзияны қабылдауын дамыту-олардың шығарма туралы мәліметтерін, білімін үнемі

толықтырып отыру, эмоционалдық сезімнің ізгі істерге жетелеуін, тұрмыстағы, адамдар арасындағы қарым-қатынастарын, рухани-адамгершілік қасиетін, шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

Нәтижелер мен талқылау

Эстетикалық сана қоғамдық қарым-қатынасқа байланысты ұғым болғанымен жеке тұлғалық сипатқа ие. Өйткені ол сол жеке тұлғаның жан дүние байлығы негізінде болған қарым-қатынасы арқылы ғана жүзеге асады және сол қоғамда қалыптасқан эстетикалық құндылықтар негізінде ғана белгілі бір мәнге ие. Ақын шығармалары арқылы эстетикалық сана қалыптастыруда оны санаттар тұрғысынан қабылдап, талдаудың маңызы зор. Әдебиет көркемөнердің бір түрі дейтін болсақ, оны талдау мақсатты түрде шығарманың эстетикалық, адамгершілік идеялары мен ақынның немесе жазушының басты мұратын көздеп, сөз өнерінің қуатын пайдалана отырып, білімгерлерге көркем сөздің астарында берілген басты пікірді көре алатындай білім қалыптастыруы керек. Көркем әдебиет арқылы эстетикалық тәрбие беруді көздегенде алдымен осы сөз астарын ұғына білу міндетін белгілеу керек.

Бұл ретте көркем сөздің танымдық және тәрбиелік маңызын, шығарманың басты идеясын, оның сөз арқылы берілген бейнесін, эмоциялық табиғатын, әсіресе, мазмұны мен формасының сәйкестігін ескерген жөн. Сонымен қатар Жамбылдың жеке тұлғасының қайталанбас қасиетін ақындық табиғатының қалыптасуын, мінез-құлық, сөз саптаудан бастап қоғамдық қызметінің, ішкі жан-дүниесінің ерекшеліктерін ол өмір сүрген тұстағы адамдардың көзқарасы мен бүгінгі күн тұрғысынан зерделеу арқылы да пайымдауға болады. Сол арқылы білімгерлерге көркем шығарма тек шындықты сөз арқылы сипаттайын өнердің түрі ғана емес, сонымен бірге оны белгілі бір пікір тұғынамасы негізінде, құлықтық-эстетикалық мұрат тұрғысында түсіріп, бағалау екендігін аңғарту қажет. Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы эстетикалық тәрбие беруді ұйымдастыру үлгісін төмендегідей жіктеуге болады:

- 1) Қарым-қатаныстық
- 2) Сезімталдық сезім арқылы танып-білу
- 3) Тәрбиелік

Яғни, Ж. Жабаев өлеңдерін топтастырып, талдағанда осындай үш топқа бөле отырып оқытқан жөн. Оның біріншісіне тоқталсақ:

1) Адам мен адамның, адам мен қоғамның қарым-қатынастарын бейнелейтін, үлкенге құрмет кішіге ізет, досқа адал, ата-анаға жақынға, адамға мейірімді, қайырымды болуға шақыратын өлеңдерін зерделеу. Қазақтың ұлттық келбетін танытатын негізгі ерекшелік – қонақжайлылық, меймандостық. Әрбір қазақ отбасындағы берекесінің ұйытқысы – әйел. Жамбыл қазақ ауылдарындағы кейбір әйелдердің сарандығының салдарынан

болатын жағымсыздықты «Сараң келіншек», «Кесірлі қатынға» деген өлеңдерінде өткір тілмен әжуалайды.

Адам мен тарих, адам мен қоғам тақырыбындағы әлеуметтік теңсіздікті, адамдар арасындағы талас-тартысты бейнелейтін өлеңдерінің ішінде «Мәңке туралы» шығармасы да бар. Онда Жамбыл атын жоғалтқанда параға сатылып ұрыны ақтаған болысқа, екі жүзді қатыгез билеушіге («Шалтабайға»), оқыған болса да менменшілдігі зор пендені мазактауға («Қалиға»), парақор старшынға («Көкімге»), елі күйзелткен, қанағат, зорлықшыл болысқа («Сәт сайланарда»), старшын Сүлеймен мен елубасы Әбілқасымға («Төментіннен келесің екі қауым») арналған сатиралық-сыншылдық мазактық уыты күшті бірқақпайлары – ақынның адамдар арасындағы қарым-қатынастық тәрбиені көрсететін туындылары. Қазіргі сананы нарық билеген заманда, жастардың ойын ұрлаған парақорлықтан арашалау мақсатында Жамбыл жыршының әлеуметтік ортаның келеңсіздіктерін әшкерелеген «Шалтабайға» өлеңіндегі болыстық мансап үшін сатылған екіжүзді адамның іс-әрекетінің реалистік бояуы айқын:

Шарға түсер шағында,
Қара тер боп сабылдың,
Аялған жоқ малың да.
Ақжем болып шабылдың,
Елге сөзің жеткенше,
«Жамағат» деп жалындың,
Қол билікке жеткен соң,
Салғырттыққа салындың,
Сан рет кеп алдында,
Сағым сынып сарылдым [3, 46].

Жамбылдың ақын ретінде қалыптасуына өз тұсындағы аға ұрпақ ақындардың, өзіне дейінгі жыраулардың шығармашылығы сарқылмас бастау, таймас тұғыр болды. Жамбылдың XIX ғасырдағы өзі тікелей араласқан, көпшілігін ұстаз тұтқан ақындық мектеп өкілдеріне деген лебіздері – дәстүрлі поэзиядағы эстетикалық танымның бағалануы деп түсініруге болады. Мысалы:

Ақындардың ақыны,
Айдын көйдей ақылы
Жыр тұлпары Сүйінбай...
Қиядан шауып, қырды алған,
Қиынға шауып, жол салған
Бөрі басқан бүркіттей,
Қансыратып жауды алған,
Батырдың жыры сүйікті

Қатықтай ұйып тыңдалған
Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындай!
Айтқанда маған ақылды,
«Жарла деген батырды» [3,35].

Өзінің ақындығын аласа қойып, ұстазы Сүйінбайды пір тұтқан, оған жазған өлеңдерінің желісінен Жамбылдың үлкенге шексіз құрмет көрсете білгендігін аңғартамыз. Сүйінбай Аронұлы ақындық сияқты жыр жампозынан тәлім-тәрбие алған Жамбылдың ақын болып қалыптасуына Жетісу ақындық мектебінің ықпалы ғана болған жоқ. Ол өзіне дейін өмір сүрген атакты жыраулардың, өзімен қатарлас ақындар мен жыршылардың бай мұрасын, күллі халық поэзиясын толық меңгерген, жатқа айтқан, жоғары бағалаған.

Жамбыл Жабаев Бақтыбай ақынға да шәкірттік ықыласын ашық бетпепет кездесуде білдірген:

...Абақ-Тарақ арасын,
Аралаған серімсің
Алыс- жақын бәрін де
Саралаған серімсің.
Алдыңызда сөйлесін,
Өлең бойы көрінсін
Егер сөзім ұнаса,
Өз батаңыз берілісін,
Ұнамаса өлеңім,
Онда менен жерірсін [3, 135], – дейді.

2) Екінші: сезімталдық, сезім арқылы танып-білу бағытында қайғыру, қуану, рахаттану, ләззат алу, күйіну, сүйіну т.б. мазмұндағы өлеңдерін оқытуды ұсынамыз. Мысалы, Жамбыл Жабаев табиғаттағы әсемдікті сүйсіне отырып, сипаттап, оны өзі де жастарға эстетикалық тәрбие берудің басты құралы екенін жырға былайша қосқан:

Көктемдегі нәзік алтын Ай –
Құлындай сұлу айқын Ай
Жұлдызды көгін жайлауын
Жайнаған жанып жарұынай
Тынышы кете жыбырлап,
Сөйлескендей сыбырлап,
Жұлдыз бен жұлдыз қылтырай [3].

Желеңдеген жел, дөңгеленген көл, көкті жайлаған құлындай сұлу айқын ай мен нәзік жұлдыздардың сырласқан тамаша бір сәті-бәрі де білімгердің көз алдына табиғаттын қайталанбас жанды сұлу суреттерін әкеледі. Жамбыл ақын

табиғат құбылыстарына қоғамдық көңіл-күймен астастыра өзгеше кестелейді. Оның жыл мезгелдеріне, табиғат құбылыстарына арналған лирикасы үнемі халықтың көңіл-күйімен үндесіп отырады. Мәселен, төңкеріске дейінгі жырларынан көпке жылу бермеген, заманына лайықты рақымсыз жазды көрсек, еркіндік алған жомарт елден жадыраған жазды көреміз. Сан жылғы ел қайғасының көз жасына иленіп, көн болып қатып қалған тақыр жер шаттықтың жазында қайта жібігенде, көкөрай шалғын байтақ елге жаңа дүние басталады:

Қой коздап, түйе боздап, құлан қунап,
Даланың төлі ойнақтап, аяқтанған.
Бұзылмай айдын-көлдiң ақ қаймағы,
Құс шайқап, балапаны қанаттанған.

Сезімталдық категориясын топшалағанымызда оған қайғыру сезімін де жатқызғанбыз. Абайдың ұлы Әбдірахман өлгенде айтқан жұбатуында, өз қайғысын «Жалғызбын деп жүрмесін» атты өлеңі арқылы жеткізеді. Әбдірахманның өлімінің ауыр қаза екендегін, оған сезімтал Абай ақынның қабырғасы қайыса қайғыратынын сезінген Жамбылдың бұл жұбату өлеңіндегі бейнелеулердің көркемдік-эстетикалық мағыналылығы айқын байқалады. Ұлы Абайдың «кеңесі кеткен талайға», «жапанға біткен бәйтерек», «кемелге келген асыл-ай» сынды ауыстыру тіркестерімен бейнелейді:

Ауырды жеңген қара жер,
Сабырлы болсын қалайда,
Бір жұтқан судай дүниесін,
Ащысын татып күймесін!
Тасқынды Тәңірі басуы-ай!
Нар көтерен ауырға
Арқысын тоссын жасымай [3, 39].

Жұбату-қазақтың әдет-ғұрпына байланысты мұң-шер өлеңдерінің бір түрі. Бұл өлеңі арқылы ақын – фәни жалғанның өткіншілігін, адам ғұмырының өлшемі Алланың жазуында екендігін мойындай отырып, философиялық тәрбие береді.

3) Үшінші топтастыруымыз бойынша, Жамбыл өлеңдерінен көрініс табатын эстетикалық тәрбие қызметінің ұлттық тәрбие мазмұндағы шығармаларына ой-сана, мінез-құлық, жүріс-тұрыс, сөйлеу мәдениеті, әдеп пен ізгілік көрініс тапқан өлеңдерін береміз.

Бірде Майкөт ақын өзінің Сарыбайдың асына отыз кісіне ертіп келгенін, бірақ атағы алысқа жеткен Жамбылдың сәлем беруге келмегеніне өзінің өкпелі болып тұрғанын білдіреді. Жамбыл өзінің жауап сөзін амандасу рәсімімен, қазақы мәдениетпен жырлайды. Өзінің аға ақындармен бірге көріндегенінің

інілік ізеттілік сақтауы екендігін түсіндіреді. Майкөттің ақындық қуатын, өзінің інілік, ізеттілік мәдениетін өрнекті жыр жолдарымен байқатады:

...Алдынан үлкендердің өтпейін деп,
Аялдап, әдеп еттім біраз ғана,
Сіз бе еді,-ақын аға Майкөт деген,
Бір сөзі бір сөзінен қайта өтпеген,
Санқылдап сарайыңнан өлең шықса,
Именіп өзге ақындар бәйектеген
Келіпсіз біздің елге әдейі іздеп,
Мейманды құрметтейтін кәдеміз ед.

Жамбылдың ақындық, азаматтық тұлғасын танытатын бұл сөздері – оның эстетикалық дүниетаным әлемінің сұлулыққа, ізгілікке толы мазмұнын танытады.

Жамбыл шығармаларында Отанға деген сүйіспеншілік, оның жауларына деген өшпенділік мотивтері, халықтардың туысқандығы мен достығы басынан аяғына дейін айқын білініп отырады. Отансүйгіштікке деген тәрбиенің көріністерін беретін «Туған елім», «Ұлы заң», «Халықтар туысқандығы», «Ленинградтық өренім», «Өмір туралы жыр», т.б. толғаулары мен поэмалары соған дәлел. Осыдан келіп Жамбыл ақынды – халықтық тәлім-тәрбиенің насихаттаушысы деуге болады.

Эстетиканың басты категориялары – көркемдік, асқақтық, ұсқынсыздық, сайқымазақ немесе әжуа десек, Жамбыл ақындығының өзегінде сатиралық, юморлық әуендер тұрақты орын алады. Ақынның айтыстарында да, арнау өлендерінде де сатираның уытты өрнектері жырланады. Ал бірқақпайлары – Жамбыл ақындығының психологиялық даралық қалпын аша түсетін ерекше шығармалар. Жамбылдың алаяқтарға, ұрлықшыларға, сарандарға, қызғаншақтарға, барымташыларға, әділетсіздерге, сараң әйелдерге және тағы басқа алуан түрлі мінез-құлық иелеріне арнаған бірқақпайларымен таныстырғанда білімгер жастар үшін эстетикалық тәрбиенің ұшан-теңіз айшықтарын беруге болады.

Жамбыл ақынның өлендерінде кездесетін тәрбиелік мәні зор афаризмдері бүгінгі таңда мақал-мәтелге айналып та үлгерген:

Жаманның көңілі көкте, жерге басы;
Жақсының өзі кішік, бойы биік;
Дүние серуен, адам көшкен керуен;
Мың қарғаның тұяғы, бір тұйғынға өтпейді
Тамам қарға жиналып, бір сұңқарға жетпейді.
Қорегі нәжіс күзғынға, адал астың дәмі жоқ.
Асқақтаған адамда тоба болмас,

Ел қарғаған адамда мола болмас.
Елден туып ер болсаң.
Елге Қара;
Қардың басын қар алар,
Ханның басын ел алар.
Төренің басын топ алар,
Жауыздың басын көп алар.

Қорытынды

Жамбылды жұрт қазақ даласын әнімен тербеген, ықылым ғасырлардан келе жатқан жыраулар мектебінің ең соңғы үзігі деп те біледі. Жағы талмаған жыр алыбы ХХ ғасыр Гомері деген құрметке де ие болды. Ол жыр-ғұмырында батырлықты, өрлік пен ерлікті, әділдік пен теңдікті жырлады. Жалпы Астанада тарихи тұлғаларға, тағылым мен тәлімге арнап тұрғызылған елуге жуық ескерткіштер бар екен. Қасиетті сөзімен елін сүйіп, Алатаудың селіндей ағынды жырларымен жеріне қорған бола білген Жамбыл жырларының қасиеті Астана төрінде асқақтап тұрғандай. Жамбыл ескерткіші Астана қаласының 10 жылдығына орай 2008 жылдың шілде айында ашылды. Жас астанаға жыр алыбының құшағын айқара ашып, ақ тілек тілеп тұрған бейнесін берген ескерткіш авторлары: мүсінші Н. Далбай, архитекторы Қ. Ж. Жарылғапов. мүсін қоладан құйылған. Тұғырымен бірге ескерткіштің жалпы биіктігі 12 метр, ескерткіш айналасына гранит тас төселген.

Ақын шығармаларын оқыту барысында өлеңдердің көркемдік мазмұнын, эстетикалық санаттағы тәлім-тағылымын білімгердің меңгеруіне және сол негізде талдау жасай білу мүмкіндіктерін дамытуға басты назар аудару қажет. Сөз өнерінің эстетикалық тәрбиедегі маңызы, ақын шығармаларын эстетикалық қабылдау арқылы білімгерлердің эстетикалық талғамын, эстетикалық қызығуын, эстетикалық мұратын, эстетикалық қажеттенуін қалыптастыру олардың қоршаған ортаны эстетикалық санаттар тұрғысынан пайымдауына мүмкіндік береді. Ал олар өз кезегінде күнде көріп, біліп, естіп, сезініп тұратын тұрмыс құбылыстары, табиғат көріністері, адамдардың мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, сөз бен қылық, қарым-қатынасындағы ерекшеліктері эстетиканың санаттары тұрғысынан талдап, саралап, топтастырып, т.б. ой әрекеттері арқылы пікір елегінен өткізіп, өзіне қажетті қорытынды шығарады. Эстетикалық тәрбиенің басты міндеті – адамдардың көркемдік талғамын, өзіне, қоршаған ортаға пайдалы, жақсы мінез-құлқын қалыптастыру.

Эстетикалық тәрбиенің негізгі құралдары-әдебиет пен өнер. Өйткені әдебиет туындылары адам жанын қуанышқа бөлейді, жігерлендіреді, олардың рухани тұрғыдан баюуына, ізгілеуіне игі әсер етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда Жамбыл шығармаларын оқыту арқылы білімгерлердің

қабілетін, ынтасын және бейімділігін, отансүйгіштік қасиетін, сезімталдық пен эстетикалық бағыттағы іс-әрекетін дамыту қажеттілігі уақыт талабынан туындайды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Лихачев, Б. Т.** Педагогика. – М.. Юрайт, 2010. – 607 б.
- 2 **Дәдебаев, Ж.** Халық оның шын аты // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1996. – № 3. – 4–5 б.
- 3 **Жабаев, Ж.** Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы : Ғылым, 1996. – Т. 1. – 312 б.
- 4 **Негимов, С.** Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. – Алматы, 1991. – 175 б.
- 5 **Мағауин, М.** Қазақ хандық дәуір әдебиеті (ХҮ-ХҮІІІ ғ.) Оқулық. – Алматы, 2001.
- 6 **Қыраубаева, А.** Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия. – Алматы, 1991.
- 7 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : Санат, 2002.
- 8 **Жұмалиев, Қ.** Әдебиет теориясы. – Алматы : Мектеп, 1968.
- 9 **Уәлиұлы, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің ғылыми-теориялық негіздері. – Алматы, 2007.
- 10 **Ысқақұлы, Д.** Сын өнері. – Алматы : Қаз Ақпарат, 2001.

REFERENCES

- 1 **Likhachev, B. T.** Pedagogika [Pedagogy] – Moscow : Iyrait, 2010. – 607 p.
- 2 **Dudabayev, J.** Halyq onyń shyn aty // Qazaq tili men ádebieti [Narodnaya his real name // Kazakh language and literature]. – 1996. – 4–5 p.
- 3 **Jabaev, J.** Eki tomdyq tańdamaly shyǵarmalar jınaǵy [Collection of selected works in two volumes]. – Almaty : Ǵylym, 1996. – 312 p.
- 4 **Negimov, S.** Aqyn-jyraýlar poeziyasynyń beineliligi. [Akin-zhraular poeziyasinin beineligi]. – Almaty, 1991. – 175 p.
- 5 **Maǵauın, M.** Qazaq handyq dáyr ádebieti (XY-XYIII ǵ.) [Kazakh khandik dauir adibety (XY-XYIII gasir) Oqýlyq. – Almaty, 2001.
- 6 **Qyraubaeva, A.** Ejelgi dáyr ádebieti. [Ezhelgy dauir adibety]. Birinshi kitap. Hrestomatia. – Almaty, 1991.
- 7 **Qabdolov, Z.** Sóz óneri [Art of words]. – Almaty : Sanat, 2002.
- 8 **Jumaliev, Q.** Ádebitet teoriasy [Literary theory]. – Almaty : School, 1968.

9 **Ýáhluly, N.** Qazaq sóz mádenietiniń gýlymi-teorialyq negizderi [Scientific and theoretical bases of Kazakh speech culture]. – Almaty, 2007.

10 **Ysqaquly, D.** Syn óneri [Critical art]. – Almaty : Kaz Information, 2001.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

**Е. Т. Саржигитов*

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ОБУЧАЮЩИХСЯ ЧЕРЕЗ ИЗУЧЕНИЕ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ЖАМБЫЛА ЖАБАЕВА

В статье проведен анализ произведений Жамбыла Жабаева на основе научной мысли исследователей на тему эстетического воспитания обучающихся через обучение. Приведены теоретические доказательства с указанием конкретных научных фактов. Основные выводы исследования могут быть использованы в качестве теоретической аргументации в дальнейших исследованиях. Есть также лабораторные результаты, которые дают новые данные для исследований ученых-филологов. Поэзия жырау имеет свое место в истории казахской литературы, произведения которой имеют большое воспитательное значение. Эстетическое воспитание требует постоянного, в постоянной последовательности просмотра, чтения, анализа художественных произведений, ведения мысли, поэтому критерии и показатели эстетического воспитания учащихся должны зависеть от анализа стихов, ведения мысли. В частности, важно, чтобы обучающиеся узнавали произведения Жамбыла, интересовались ими, восхищались ими. Развитие восприятия поэзии обучающимися-постоянное пополнение их знаний о произведении, развитие эмоциональных чувств к добрым делам, взаимоотношений между людьми в быту, духовно-нравственных качеств, творческих способностей. Началом становления Жамбыла как поэта стало творчество старших поколений поэтов, неиссякаемый пьедестал. Можно понять, что высказывания Жамбыла в адрес представителей поэтической школы XIX века – это оценка эстетического познания в традиционной поэзии.

Ключевые слова: жырау, жырышы, литература, исследователи, труды, ода, эпос, школа жырау, национальная литература, эстетическое воспитание.

*E. T. Sarzhigitov

Zhetysu State University named after I. Zhansugurov,
Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Material received on 13.06.22.

AESTHETIC EDUCATION OF STUDENTS BY TEACHING THE WORKS OF ZHAMBYL ZHABAYEV

The article analyzes the works of Zhambyl Zhabaev based on the scientific thought of researchers on the topic of aesthetic education of students through education. Theoretical proofs are given with the indication of specific scientific facts. The main conclusions of the study can be used as a theoretical argument in further research. There are also laboratory results that provide new data for research by philologists. The poetry of Zhyrau has its place in the history of Kazakh literature, the works of which are of great educational importance. Aesthetic education requires constant, in a constant sequence of viewing, reading, analyzing works of art, conducting thoughts, therefore, the criteria and indicators of aesthetic education of students should depend on the analysis of poems, conducting thoughts. In particular, it is important that students recognize the works of Zhambyl, are interested in them, admire them. The development of students' perception of poetry is a constant replenishment of their knowledge about the work, the development of emotional feelings for good deeds, relationships between people in everyday life, spiritual and moral qualities, creative abilities. The beginning of the formation of Zhambyl as a poet was the creativity of older generations of poets, an inexhaustible pedestal. It can be understood that Zhambyl's statements to the representatives of the poetic school of the XIX century are an assessment of aesthetic cognition in traditional poetry.

Keywords: zhyrau, zhyrshy, literature, researchers, works, tolgau, epic, zhyrau school, national literature, aesthetic education.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Мб RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Мб RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz